

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқықтары субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларын әзірлеу және беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 27 желтоқсандағы N 441 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 31 наурыздағы N 148 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 10 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5187 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 52 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 140 Бірлескен бұйрығы.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.02.28 № 52 және ҚР Қаржы министрінің 2012.03.07 № 140 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру мақсатында және " Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 қаулысына сәйкес келтіру, сондай-ақ көрсеткіштерді қосарланған есепке алуды болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқықтары субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларын әзірлеу және беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 27 желтоқсандағы N 441 бұйрығына (Қазақстан Республикасының

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 23 қаңтарда N 4031 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және беру ережесінің (бұдан әрі - Ереже) 2-қосымшасында :

"Ақпарат" бағанында, реттік нөмірі 18-жолда "Нөмірі" деген сөз " Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Е р е ж е г е 9 - қ о с ы м ш а д а :

"Тобы" бағанында, реттік нөмірі 7-жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев